# “БАЛДӘУРЕН” - ТЫНЫСЫ

№11 6-ауысым 30 мамыр 2022 жыл (ауысым сайын)

*Балалар мен жасөспірімдер журналы*

## «Жеңіс ұрпақтары» әскери-патриоттық клубтарының форумы

***БОСЫМБАЕВ Даурен Абдикаримович,***
***«Балдәурен» РОСО филиал директоры.***
***Түркістан облысы, Төлеби ауданы***

# Сыңғырла, соңғы қоңырау!

Бүгін білім нәрімен сусындаған алтын ұя мектебінің табалдырығынан үлкен өмірге қадам басқалы отырған барша мектеп бітіруші түлектерді шын жүректен құттықтаймын! Соңғы қоңырау үні – бозбала мен бойжеткендерді арман биіктеріне ұшырып, үлкен өмір мектебіне шығарып салады.
Сіздер үшін бүгінгі қағылар күміс қоңырау үні балдәурен балалығыңыздың артта қалып, жауапкершілігі мол азаматтық биікке көтерілгендігіңіздің ескертпесі сияқты.
Қазіргі таңда елімізде жас ұрпақ тәрбиесіне, білім беру ісіне айрықша назар аударылып, Сіздердің сапалы да заманауи білім алып, үлкен азамат болуларыңыз үшін барынша жағдай жасалып келеді. Осы ретте сапалы білім, саналы тәрбие беру жолындағы ұлағатты ұстаздарымызға ризашылықтарымызды жеткіземіз. Сіздерді рухани жаңғырудың өркениетті көшіне ілесіп, Елбасы армандаған «Мәңгілік Елдің» іргесін нық қалайтын зияткер ұрпақ болады деген сенімдеміз.

Ел сенімін, үлкендер үмітін ақтаймын деген талаптарыңызға нұр жауып, алдарыңыздан болашақтың даңғыл жолы ашылсын! Барша жас түлектерді алдағы сынақтардан жоғары нәтижелер көрсетіп, еліміздің білікті де білімді маманы атануларыңызға тілектеспін. Әрқашанда денсаулықтарыңыз мықты, келешектеріңіз кемел, болашақтарыңыз нұрлы болсын!
Үлкен өмірге басқан қадамдарыңызға сәттілік тілеймін!

***Конурбаева Шолпан Ерғалиқызы,***
***«Балдәурен» РОСО филиалының медицина кешенінің меңгерушісі.***
***Түркістан облысы, Төлеби ауданы***

# Ауырып ем ізденгенше, Ауырмаудың жолын изде

«Денсаулық сақтау» сөзінің мағынасы жергілікті тұрғындар арасындағы түрлі топтардың денсаулығын қамтамасыз ету, сақтау, жақсарту және нығайту барысындағы іс әрекеттерді білдіреді. Жасөспірімдер денсаулығын қорғау және нығайту негізгі заңды акттармен бекітілген. Денсаулық сақтау жүйесін оптимизациялау мемлекеттің әлеуметтік экономикалық саясатының маңызды бөлімі болып табылады. Денсаулық сақтау мақсаты бір, квалифицирленген медициналық көмегі баршаға ыңғайлы болатын, шынайы гуманистік бағытталған мемлекеттік жүйе ретінде қаралады. Денсаулық сақтау жүйесінің приоритетті құрамдас элементіне медицина қызметкерлерінің профилактикалық шаралары, медико-социалдық белсенділіктің дамуы және де халық арасындағы әртүрлі топтарға салауатты өмір салтын насихаттау жатады.

**Салауатты өмір сүру салтының 3 категориясы болады:**

1. **Салауатты өмір сүру деңгейі** – экономикалық категория. Адамдардың материалдық және моральдық-рухани қажеттілігі толығымен қамтамасыз етілуі.
2. **Салауатты өмір сүру сапасы** - әлеуметтік категория – үй-іші қызмет істейтін орындары неше түрлі адам денсаулығын қамтамасыз ететін комфортты мебельдер мен лабораториялық жабдықтармен қамтамасыз етілуі.
3. **Салауатты өмір сүру стилы** – әлеуметтік – психологиялық категория, адамның қоғамдық орындарда өзін өзі ұстапжәне көрсете білуі

“Тәннен жан артық еді, - дейді Абай атамыз.“Дені сау адам - табиғаттың ең қымбат жемісі” деп тегін айтылмаған. Қазіргі қоғамымызда халықтың табиғи өсімі төмендеп, сырқаттанушылық және өлім–жітім деңгейі арта түсті.

Әсіресе, балалар мен жастардың денсаулығы қауіп тудыруда. Темекі тарту, ішімдік пайдалану, есірткі құмарлық және улы заттарға әуестік, адамгершілікке жат мінез-құлық, ерте жыныстық қатынас кеңінен етек алуда. Халықтың денсаулығы – ел дамуының аса маңызды тұтқасы, болашағымыздың кепілі. Атамыз қазақтың «Бірінші байлық - денсаулық», яки болмаса «Денсаулық – терең байлық» деген даналық мәтелдері тіршіліктің нағыз өзегінен алынған емес пе? Денсаулықтың қадірін, маңызын айрықша ұғынып барлық игіліктен жоғары санаған. Тағы да «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол изде» деп жан мен тән саулығын қоршаған орта аясында дұрыс сақтап және нығайтуға түрлі пайдалы әрекеттер жасап отырған. Салауатты өмір салтына денешынықтыру, спорт, дене тәрбиесі, туризм, халықаралық туризм, табиғатқа серуен, таза ауада жүру жатады. Кешкі тамақтан соң, таза ауада бір-екі сағат серуен құрып, ұйықтаудың пайдасы зор. Ұйқы 7-8 сағаттан кем болмауы тиіс. Әр адам жыл сайын бір рет еңбек демалысын тиімді пайдаланғаны жөн.

Сөз соңында қайра айтарымыз, халық денсаулығы тек медицина қызметкерлерінің кәсіби тірлігі ғана емес, бүкіл қоғамның тұтас денсаулық сақтауға және нығайтуға арналған үйлескен іс-қимыл әрекеттерінің жемісі екенін баршамыз да ұғынуға тиіспіз. Сонда ғана қоршаған ортаны сақтай отырып, таза су ішіп, дұрыс тамақтанып, иманды және салауатты өмір салттарын тұрақты қалыптастырсақ болашақтың жарқын кепілі болмақ.

*ЕРНАЗАРОВА Айнұр Шүкірқызы,*
*«Балдәурен» РОСО филиалының*
*ұйымдастырушы-ұстазы.*
*Түркістан облысы, Төлеби ауданы*

# 2022 жыл – Балалар жылы

*«Бала естігенін айтады, көргенін істейді» - деп қазақ халқы бекер айтпаған. Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілікке тәрбиелеудің маңызы зор. Қазақ халқы баланы жастайынан жақсы әдеттерге баулыған. «Үлкенді сыйла, жолын кеспе» деген ұлағатты, тыйым сөздердің мәні ерекше. Бала бойына кішіпейілділік, сыпайылық, сыйластық сияқты қасиеттерді сіңіре білсек, адамгершілік тәрбиесінің жемісіне бөленетініміз анық!*

*Тағылымды тәрбие – бала болашағының іргетасы. Қазақтың қарадомалақ балалары әлемдік деңгейде ел мерейін асыруда. Қарапайым ауылдан шыққан талай баланың жұлдызы жанып, қабілетімен дарындылар қатарына қосылды. Иә, қай кезде де мемлекет баланың үздіксіз дамуына инвестиция құюды тоқтатпайды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың пәрменімен «2022 жыл – Балалар жылы» деп аталды. Яғни, барыс жылында ел ертеңі – өскелең ұрпақты қолдауға айрықша көңіл бөлінуде.*

*Біздің «Балдәурен» РОСО филиалында осы «Балалар жылы» аясында көптеген игі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Орталыққа келген балаларға еліміздегі «Спорт пен туризмді» кеңінен насихаттау, өлкемен таныстыру мақсатында Төлеби ауданында орналасқан «Жылаған ата», «Ғайып ерен - қырық шілтен» киелі мекендерге саяхат сабақтар өткізілуде. Облыстық, республикалық семинарлар ұйымдастырылып, орталық қызметкерлері тәжірибие алмасуда. Оқушыларымызға сапалы білім мен саналы тәрбие беруде орталығымыздың кез-келген қызметкері жұмыла атсалысуда.*

*Ел ертеңі – білімді жастар. Баланы жастайынан еңбекке баулып, білімге, өнерге құштар болып өсуіне бар жағдайды жасауымыз қажет.*

*Өскелең ұрпақтың үйлесімді дамуы мен бақытты балалығы – бұл біздің жалпыұлттық міндетіміз.*

# «Балдәуренге саяхат» бекет бойынша ойыны

6-ауысым оқушыларын орталықпен таныстыру мақсатында «Балдәуренге саяхат» бекет бойынша ойыны болып өтті. Оқушылар топқа бөлініп «Балдәурен» аймағында орналасқан түрлі бекеттерге барып тапсырмалар орындады.

# «Кел танысайық!» танысу кеші

Орталыққа келген балалардың ең алғашқы қатысатын іс-шарасы – танысу кеші. Әлі оң солын танып үлгермеген балалар үшін бұл кештің маңызы ерекше. Балалар түрлі ойындар ойнау арқылы бір-бірімен танысады. «Оң қол» заңы, «Сол қол» заңы, «Асхана ережесі», «Twix» заңы, және т.б орталық ережелерімен таныстырып, сол заңдарға бағынып, ішкі тәртіпті ұстануды талап етті. Кереметтей кеште түрлі ойындар ойнатылып, ұйымдастырушы-ұстаздармен бірге ән шырқап, би биленді.

# «Жеңіс ұрпақтары» топ визиткасын қорғау кеші

Топ визиткасын қорғау кеші - ең алғашқы топ болып өткізілетін іс-шаралардың бірі. Бұл кеште балалар өздерінің тобының ұйымшылдығымен татулығын, ынтымақтастығымен өнерін көрсететін бірден-бір көңілді кеш. Кешіміз өте қызықты болды. Топтар қызу дайындықпен келген. Әр топтың өзіне тән аты, санамағы, ұраны және әні болады. Кештің тақырыбына сай әр топ өзінің қызықты аттарымен, ұранымен, санамағымен таныстырып, топпен бірге әнін шырқады. Бір топ сахнаға шыққанда келесі топ оларға қолдау көрсетіп, қошеметтеп отырды. Топ визиткасын қорғау кешінің жеңімпазы «Ең үздік топ» номинациясының иегері 1-топ болды.

# 2022 жылдың 6 ауысымның ашылу салтанаты

Ашылу салтанаты орталықтың ең негізгі іс-шарасы. Ауысым «Жеңіс ұрпақтары» әскери-патриоттық клубтарының форумы деп аталынды. Сахналық қойылым қойылып, әсем ән шырқалды. Сұлу қыздарымыз мың бұралып би билеп, сахнаның көркін келтірді. Орталықтың директоры Босымбаев Дәурен Әбдікәрімұлы оқушыларға тілек айтып, ауысымға сәттілік тіледі. Кешегі өткен «Сенім» ұйымының президентін анықталды. 6-ауысымның «Сенім» ұйымының президенті болып 8-топ демалушысы Қошанов Берген 48,7 % дауыс жинап, ауысым президенті атанды. Осылайша барлық оқушыларымыз нағыз «Балдәурендіктер» атанды.

# «Менің ұйымдастырушы-ұстазым» қабырға газеті байқауы

Бүгін орталығымызда топтар арасында «Менің ұйымдастырушы-ұстазым» тақырыбында қабырға газеті байқауы болып өтті. Әр топ өзінің сүйікті ұйымдастырушы-ұстазының бейнесін қағаз бетіне бейнелеп, түрлі аттармен атады. Әр топ өз жұмыстарын түсіндіріп, болашақта өзінің ұйымдастырушы-ұстазына ұқсағысы келетінін айтты. Қабырға газеті байқауының жеңімпазы 8-топ болды. Ұйымдастырушы-ұстазы Сид апай.

# «Жаңа жастар жалында!» «Жастар» педагогикалық тобымен танысу кеші

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты.
Қырандай күшті қанатты,
Мен жастарға сенемін**,**

- деп қазақтың дара ақыны Мағжан Жұмабаев жырлағандай «Еркін елде өскен ұрпақтың рухы әрдайым биік болуы тиіс. Жастары жалын жүректі, өршіл намысты, биік рухты болса – ол елдің еңсесі де биік болады. Өршіл, намысшыл жас отаншыл, патриот келеді, халқына, өз ұлтына адал қызмет етуге ұмтылады». Болашақтың кілті, елдің ертеңі - білімді жастар. Мемлекеттің дамуы, өсіп-өркендеуі тікелей жастарға байланысты.

«Жастар» педагогикалық тобы - орталығымыздың жүрегі деуге де болады. Уақытша құрылған балалар бірлестігімен тығыз байланыста болып, оқушыларға психологиялық ахуал мен жағымды жағдай жасап, олардың шығармашылық қабілетін дамытып, өмірдің негізгі құндылықтарын: адамгершілік, мейрімділік, жауапкершілік, патриоттық сезімдерін нығайтып, жеке тұлға болып қалыптасуларына жағдай жасауда. Балалардың сабақтан тыс бос уақыттарын тиімді пайдалануға жұмсайды. Орталығымыздың дәстүрге айналған салтанатты кештерінің бірі - **«New Zhastar» педагогикалық тобымен танысу кеші.** Бұл кеш балалардың ұйымдастырушы-ұстаздарының қыр-сырын толықтай білуіне көмектеседі. 6-ауысым балаларының көңілдеріне ерекше көңіл-күй сыйлап, тәрбиешілеріміз ән айтып, би биледі. Кеш қызыққа толы болды.

# Мектеп презентациясы

Оқу жылы барысында өткізілетін дәстүрлі, негізгі іс-шараның бірі – мектеп презентациясы. Балаларын қабылдап, сынып-сыныптарға бөлу, пән мұғалімдерін таныстыру мақсатында мектеп презентациясы ұйымдастырылады. Жалпы ауысым бойынша 7-8-9 сыныптарда балалар білім алып, өз білімдерін түрлі зияткерлік-танымдық сайыстарда сынайтын болады. Оқушыларға пән мұғалімдері мен сынып жетекшілері таныстырылды. Әр бала өз сынып жетекшісімен өз сыныбына барып, сынып сағатына қатысты. 6-ауысымда демалушыларымызды көптеген қызықтар күтуде. Ауысым барысында «Білім кешені» ұйымдастырған жаратылыстану пәндері бойынша түрлі қызықты іс-шаралар мен танымдық-зияткерлік сайыстарға оқушыларымыз қатыса алады. Оқушыларымыз өз белсенділіктерін көрсетеді деген ойдамыз

# «Шабыт» шығармашылық байқауы

Орталыққа келген оқушылардың өзіндік қабілетін, талантын анықтау мақсатында шығармашылық байқау ұйымдастырылды. Бұл байқау баланың қабілеті мен ерекше дарынына негізделген шығармашылық байқау. Оқушылар репортаж, жайдарман, мәнерлеп оқу, болашақ жобасы, хореография, аспапшылар, қол өнер, ертегі әлеміне саяхат, жазушылар т.б шығармашылық байқау бойынша өз бақтарын сынады.

# Тарихы терең – Түркістан» өлкемен танысу кеші

Балаларға туған жерінің тарихын тереңнен түсіндіріп, өскелең ұрпақтың санасына сіңдіру мақсатында өлкемен танысу кеші болып өтті. Облыс орталығына айналған Түркістан қаласы жайлы көптеген құнды мағлұматтар беріліп, оқушылардың таным түсінігі артты. Сахналық қойылым көрсетілді. Іс-шара барысында облысымыздың кереметтей киелі жерлерімен балалар танысып, олардың тарихына көз жүзіртті.

# «Ұлы Жеңістің тарихы» патриоттық қойылымдар байқауы

Ұлы Жеңістің тарихы-жауынгерлердің өшпес ерліктерімен айқындалса, Ұлы Жеңістің құндылығы – өз Отаныңа шынайы берілу және қорғаумен орнығады. Бұл мереке әр кезде де батылдық пен ерліктің, қаһармандықтың символы, Отанға деген сүйіспеншілік пен адалдықтың өлшемі, ал ардагерлер, болашақ ұрпақтар үшін, егемен еліміздің тәуелсіздігін қорғаушылардың бәрі үшін жарқын үлгі болып қала бермек.

Бүгін орталығымызда «Ұлы Жеңістің тарихы» патриоттық қойылымдар байқауы болып өтті. Патриоттық қойылымдардың негізгі мақсаты – өскелең ұрпақтың бойына патриоттық сезімін ұялатып, еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Байқау қорытындысы бойынша 2-топ «Бас жүлдені» иеленді. Бабалар ерлігіне тағзым етіп, қан майданда ел үшін, жер үшін жанын берген әрбір азаматтарды біз жастар бағалап, қашанда есте сақтауымыз керек.

# «Миллион кімге бұйырады?» зияткерлік шоуы

Әр ауысым сайын орталығымызда «Білім кешенінің» ұйымдастыруымен түрлі танымдық-зияткерлік ойындар өткізіледі. Оқушылардың ойлау қабілетін, ой-ұшқырлығын арттыра отырып, ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, жинақы болуға, және білім алуға деген құштарлықтарын ашып, өзгенің ойын тыңдап, сыйлау дағдыларын қалыптастыру үшін зияткерлік сайысы таптырмас ойын түрі. Ойын тартысқа толы болды. Әр оқушы өзінің ұйымшылдығын, тапқырлығын көрсете білді. Дәл осы 6-ауысым оқушылары «Балдәурен» рекордын жаңартты. Жеңіс құтты болсын!

# «Чемпион» СМ ойындары

Спорт сенің серігің,
Жанға дауа, қолға күш.
Сергітетін адамды,

Қимыл менен қозғалыс, - демекші «Чемпион» СМ ашылу салтанатты жоғары деңгейде өтті. Ашылу салтанатында түрлі спорттық би билеп, ән айтылды. Спорттық қойылым сахыналанды. «Чемпион» СМ жалауы көкке көтеріліп, әнұранымыз шырқалып барлық топтарға сәттілік тіленді. Екі күнге созылған СМ өзінің ерекшелігі мен қызығына толы болды. Балалар топтық және жекелей жарыстарға қатысып, жүзден жүйріктер анықталып жатты.

Қазақтың ұлттық құндылықтарын насихаттайтын ойындар ойнатылды. Балалар арқан тартып, секірмекпен секіріп, жылдамдыққа жүгіріп, ләңгі теуіп, асық атып өзара жарысты. Балдәуреннің рекорттары жаңартылды. Екі күн жалғасын тапқан спорттық ойынымызда өз мәресіне жетіп, үздіктер анықталып, марапатталды. «Шыныққан шымыр боларсың», - дегендей салауатты өмір салтын бірге ұстанып, спортты жанымызға серік етейік!

# «Мәңгілік ел ұланымын» патриоттық әндер байқауы

Музыка өнерінің анағұрлым кең тараған түрі ән болып табылады. Ол - ел тарихының ғана емес, белгілі бір тұлғалардың өмір тарихының да куәгері, әрі қатысушысы. Ән халықтың жаны ғана емес, оның өмірінің шындық айнасына айналған ақиқат. Бүгінгі күні де патриоттық әндердің ролі бұрынғыдай, өз маңыздылығын жоғалтқан жоқ. Патриоттық әндер үлкен күшке ие. Ол адамның рухын оятып, ерлікке жетелейді, жүрегіне елжандылық сезімін - Отанға деген сүйіспеншілік сезімін құяды.

Патриоттық әндер кеші жастарға өздерінің кіші отанының тарихына үңілуге, мәдениеті мен дәстүрлерін тануға көмектесті. Жас жеткіншектер Отанға қызмет етуге дайын екендерін танытты. Ұйымдастырушы-ұстаздар балалармен бірге іс-шараға мұқият дайындалды: әннің мәтінін жаттады, атрибуттарды, киім формасын өз қолдарымен жасады, сахнаға шығуды үйренді. Кеш бойына мерекелік көңіл-күй сезіліп тұрды. Залда отырған ересектер мен балалар да орындаушыларға қосылып шырқады. Әр ән орындалып, әр топ өнер көрсеткен сайын ду қол шапалақтап, көрермендер ризашылық сезімдерін білдіріп жатты!

# «Өнегелі оқушы» танымдық сайысы

Өскелең ұрпаққа туған халқының замандар бойы қалыптасқан тіршілік қағидасынан қол үзіп қалмауын, тарих қойнауында жатқан мағлұматтарды зерделеу, оны болашақ игілігіне жаратып, жөргегінен ұлттық мәйекпен жарытып, ұлттың өзіндік мінез, өзіндік сана, өзіндік даналық қалыбын қалыптастыратын салт - дәстүрге ден қоюға бағытталған ойын түрі. Сайысқа қатысушылар саны 10 оқушы. Жалпы сайыс 5 бөлімнен тұрады.

1. «Өнерлінің қолы алтын» - қазақтың салт-дәстүріне байланысты ұлттық бұйымдардың суреттері жасырылады. Ермексаздан осы суреттің мүсінін жасау қажет.
2. «Ұлттық мәдениет» - экранда 3 профиль ұсынылады, яғни «Ұлттық киімдер және аспаптар», «Тұлғалар», «Ұлттық спорт». Әр профильде 7 сұрақ бар. Әрбір дұрыс жауапқа 10 ұпай беріледі. Ұпай саны аз 2 оқушы сайыстан шығады.
3. «Ғажайып жетілік» - Әр ұяшықта қазақтың 7 санына байланысты сұрақтар берілген. Сұрақтарға толық жауап берген жағдайда 15 ұпай еншілейді. Ұпайы аз 2-3 оқушы сайыстан шығады.
4. «Сөз мәйегі - мақал» - Экранда 6 ұяшық көрсетілген. Әр ұяшықта мақалға арқау болатын сөздер берілген. Таңдаған сөздерге сәйкес мақал-мәтелдер айтулары керек. Әр айтылған мақал-мәтелдерге 5 ұпай беріледі. Ұпайы аз 3-4 оқушы сайыстан шығады.
5. «Кім жылдам?» - бұл бөлімді 2 оқушымен жалғастырады, әр оқушыға 10 сұрақтан беріледі. Тез, әрі жылдам жауап беру қажет!

Бес бөлім бойынша балалар өздерінің шын жүйрік, білімді, озат оқушылар екендіктерін көрсете білді. Десекте сайыстың аты – сайыс.

# «Ең бақытты күн!» туған күн кеші

Туған күн - әр баланың асыға күтетін ең ерекше мерекесінің бірі. Жылына бір келетін бұл күнді бала асыға күтеді. Түрлі сыйлықтар, ерекше құттықтаулар бәрі-бәрі осынау төл мереке иелеріне арналады.

Құрметті осы ауысым барысындағы туған күн иелері. Сендер сондай бақытты жансыңдар. Себебі, туған күндеріңді 260 бала мен осы орталықта тойлағалы отырсыңдар. Барлық туған күн иелерін шын жүректен құттықтаймыз. Оқуда озат болып, елдің бетке тұтар азаматы болыңдар дегіміз келеді.

Дәстүрге айналған бұл іс-шара ерекше көңіл-күйге толы болды. Ән айтылып, би биленді. Ұйымдастырушы – ұстаздарымыз керемет қойылым қойып балаларды қуантты. Туған күн иелерімен бірге ойындар ойналып, сыйлықтар сыйланды. Тәтті торт дайындалып, туған күн иелеріне ұсынылды.

# «Сыңғырла, соңғы қоңырау!» салтанатты жиыны

Қоңырау үні. Бұл үн білім кемесі – мектеп қабырғасынан шыққан әрбір адамның құлағына таныс, жүрегіне жақын. Алғашқы қоңырау - балалық арманыңды жетелеп, білім алып, мақсатыңды айқындауға шақырса, соңғы қоңырау үні – кәмелетке толып, оң-солын танып, қанаттанған бозбала мен бойжеткендерді арман биіктеріне ұшырып, ең үлкен өмір мектебіне шығарып салады. Соңғы

қоңырау – осындай қимас қоштасу сәтімен ыстық.

Еліміздегі игіліктердің барлығы елдің болашағы – жас ұрпақтың келешегі жарқын болуы үшін жасалып жатыр. Туған жеріміздің мәртебесін арттыратын сендерсіңдер, жас түлектер! Қадамдарыңа сәтті сапар, Өмірлеріңе құтты қадам тілейміз!

# «Балдәурендік ұландар» әскери би байқауы

Мың бұралу аз екен бұл өнерге,
Балқу керек жан-дүниеңмен әуенге.
Бар сезімді көрерменге жеткізу,
Мақсат екен орындалған әр биде.

*6-ауысым оқушылар арасында өз топтарымен бірге, бірдей ырғақты би билеп, өздерінің бірегейлігін көрсететін* «Балдәурендік ұландар» әскери би байқауы болып өтті. Оқушылар өздерінің бар өнерін ортаға салып топ болып сынға түсті. Жалпы сайыс қорытындысы бойынша 4 - топтар жеңіске жетті. Әсем ән, көңілді би кез-келген жанның жанарын жадыратады. Кеш барысында оқушыларымыз ерекше би билеп, қонақтарымызға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

# 2022 жылдың 6 ауысымының жабылу салтанаты

Міне, 20 күнге созылған көктем мезгілінің ең соңғы ауысымы «Жеңіс ұрпақтары» әскери-патриоттық клубтарының форумы атты 6-ауысымы да аяқталды. Жас Балдәурендік достарымыздың демалыстары қызыққа толы, әрі есте қалардай өткеніне сеніміміз мол. Ауысым барысында өзінің ұйымшылдығымен, белсенділігімен көзге түскен оқушыларымыз «Қазақстанның жас патриоттар Академиясына» қабылданды. 20 күн бойы ұйымдастырушы-ұстаздарымызға көмегін беріп, оқушылардың демалыстарының сапалы өтуіне атсалысқан «Сенім» ұйымының президенті мен министрлеріне айтар алғысымыз шексіз. Ауысым жоғары деңгейде өтті деген ойдамыз. Балалардың жадында өшпес естеліктер қалдыра білдік деген сенімдеміз. Ақ жол, Жас балдәурендіктер!

# «Жүректесің, Балдәурен!» гала-концерті

Гала-концерт балалардың асыға күтетін ең керемет кештерінің бірі. Ауысымды қорытындылап, жабылу салтанатын аяқтап, оқушыларға керемет көңіл-күй сыйлау мақсатында ұйымдастырушы-ұстаздардың бірігуімен өз балаларына соңғы рет ұсынып отырған кереметтей көңілді кешімізде 8-топты ерекше есімдермен атап, марапаттады. «Ең ұйымшыл», «Ұйқышылар», «Биші топ», «Ең тапқыр топ», «Белсенді топ», және т.б ерекше атаулармен атады. Жүргізуші кештің сәнін кіргізді. Ауысым барысында өткен іс-шаралардан үзінді видеоролик қойылды. Қызығушылық үйірмелерінің қорытындысы ретінде көрме қойылып, оқушылар өздерінің үйренгендерін ортаға салды. Қызықты, әзілге толы «Жайдарман» ойнап, қазақтың ұлттық аспабы домбырамен кереметтей күй орындады. Концерт соңында «Жастар» педагогикалық тобы сахнаға шығып, ерекше қойылым қойып, ән айтып, би биледі. Осымен 2022 жылдың 6-ауысымы да өз мәресіне жетті.

## *Бас редакторы: Ерназарова Айнұр Шүкірқызы*

baldauren

*Мекен-жайы:*
*Түркістан облысы, Төлеби ауданы,*
*Нысанбек ауылы, Ұшсапа көшесі, 32 үй*
*Телефон: +7 (705) 953 99 28*
*E-mail& baldauren_2@inbox.ru*